

*Ақтанова Айман Совет кызы*

## ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК

*Ақтанова Айман Совет кызы*

### ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ, ДРАМАТИЗМА В ЛИРИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШАКАРИМА

*В статье рассматривается проблемы лирического героя, исторической памяти и драматизм в лирических произведениях Шакарима.*

Тарих пен әдебиет бірін-бірін дамытып, бірін-бірі толықтырып тұратын ғылым салалары. Әдебиет - тарих қойнауындағы талай-талай белгісіз сырларды ашудың шебері. Әдебиеттегі тарихилық халықтың тарихи жады, тарихи есімен сабақтас ұғым. Тарихи жад (ес) - халықтың ауызша шығып тараған мол фольклорлық мұрасынан бастап бүгінгі заманның ақын-жазушыларының шығармаларында кездесетін ортақ ұлттық ойлау қабілетіне байланысты қалыптасқан категория деуге болады.

Тарихи жад көркем әдебиеттің ұлттылық белгісімен, халықтың тұрмыс - салттың дәстүрімен діни наным түсінігімен байланысты. Ұ ылыми тарихилық пен көркем тарихилықтың арасындағы өзгешелік жадтың көркемдік ойлау негізінде өмірге келген көркемдік шындығы мен нақтылы шындықты ажыратуына байланысты.

Жад-адам психологиясымен, оның дүниені қабылдау ерекшелігіне байланысты қалыптасатын ерекше қасиеті. Ж. Аймауытов: «жад дегеніміз -бір жағынан неше түрлі еске алуларды жинап қоятын қойма, екінші жақтан белгілі нәрсені еске түсіретін (қуат) қабілет орнына жүреді,-дейді. Егер жад еске бүгінге жетуінің негізгі тіреуі деуге болады.

Л.М. Әуезова тарих пен әдебиет байланысы туралы: «Тарих пен әдебиеттің бір-бірімен баяғыдан-ақ тығыз байланысты екені жалпы жұртқа аян, Ертедегі грек мифологиясында бұл екі саланың бір-бірімен апалы-сіңілі бауырлардай аталуы тегін болмаса керек.» дейді.

Ойшыл ақын Шәкәрім өлеңдеріндегі тарихи жад ақынның философиялық ойлау қабілетімен байланысты. Терең білімді Шәкәрім өлеңдерінде ағартушылық, философиялық, азаматтық ой орамдары халықтың тарихи жадымен сабақтас екенін байқау қиын емес. Себебі, әр сөз өзінің ұлттық белгісін, бейнелік мәнін тарихи қалыптасқан қалпында сақтайтын Потебня өз еңбектерінде айтқан.

Шәкәрім өлеңдеріндегі тарихи жад мәселесі туралы айтқанда ақынның тарихи ұғымдарды білген тарихшы, дүние сырын терең түсінген философ екендігін естен шығармау керек.

Ж. Тілеповтың: «Көркем әдебиеттегі тарихилық сапалық тұрғыдан алғанда ғылымдағы тарихилықтан ерекшелеу болып келеді. Өйткені, ғылым белгілі бір дәуірдің тарихи даму заңдылықтарын тұжырымдармен өрнектесе, ал әдебиет сол тарихи құбылыстарына деген қатынасын, оның кісілік құлқы, эрекет-харекеті, таным дүниесіндегі өзгерістер арқылы көрсетеді», - деген ой-тұжырыммен келісе отырып, тарихи таным-түсініктерде ұлттық салт-

дәстүр, ұлттық дүние таным мәселесі де өзін қалдыратын естен шығармау керек.

Ақынның «Жиырма үш жасымда» деп басталатын өлеңіндегі: «Сықыр жүзін ақылды байлап алып, Тор шашың шырмалып, басымды иокталар», - деген жолдағы «басты нокталау» ұғымы халық тұрмысына байланысты қалыптасқан тіркес. Шәкәрім өлеңіндегі бұл ұғымның мағынасын кеңейте түскен. Сондай-ақ:

Үркер мен Таразы шашуды шашуға  
Шолпанда қарады мауқын бір басуға  
Темірказық арқандап қос боз атын,

Жаратып ойы бар. тойыңа қосуға - деген өлең жолдарындағы шашу шашу, ат жаратып бәйгеге қосу тіркестері де тарихилық аясында қарағанда этнографиялық сипаттағы сөздер. Өлеңнің осы жолдарын оқи отырып үлкен бір дүбірлі тойға шашуларын дайындаған жеңгелер мен бәйге атын жаратып жүрген белсенген жылқышылардың науқанын елестетеді. Және де ол науқан қарпайым адамдар емес аспан шырақтары Үркер, Таразы, Шолпан, Темірказық болғанда өлеңдегі сұлудың асқақ бітімін биіктете түседі.

Тарихи жад көркем шығармаларда үш түрлі сапада көрінеді: **1)** халықтың тұрмыс салтына байланысты қалыптасқан ұғым атауларының бойындағы тарихи жад. **2)** халықтық қоғамдық-элементарлік жағдайына байланысты қалыптасқан тарихи жад. **3)** діни таным түсінікке байланысты қалыптасқан тарихи жад.

Шәкәрім өлеңдерінде осы атанған үш тарихи жадқа жататын ұғымдар мен сөздер кездеседі. «Епті тышқан» деген өлеңінде:

Арамдықпен жеткізіп көкке қолын  
«Көмәнес» боп алады жоғары орын.  
Тартылса анық адал таразыға,  
Бірақ күнде қайнатар оның сорын-дейді.

Мұнда коммунист сөзін «Көменес» деп қазақ тілінің ыңғайымен айтып тұрса да, олардың сол атты жамылып істеп жүрген эрекетін епті тышқанмен астарлы сабақтап көрсетеді. Кезінде 1988 жылғы шыққан (құрастырушы Тәжібаев Ә.) ақын өлеңдерінің жинағында бұл өлең шумағы жазылмай қалған.

«Піскен мен шикі» өлеңінде Екеуі келді шауып атты қыстап, «Шылбырынан арқандап атты отқа қой» Тойып қалсын болғанша біз жұмыстап» - деп Түлкіні отпен ыстап қолға түсіруі, атты шылбырынан арқандауы тұрмыстың жағдайға байланысты қалыптасқан сөз тіркестері. Себебі, қолында қаруы жоқ болған кезде іннің аузына от қойып аң алу аңшылықты кәсіп еткен адамдардың айлалы амалы болған. Орман, тоғайсыз жерде атты байлаудың амалы ретінде халық шылбырынан байлауды қолданған.

Шәкәрім дін тарихын терең білген, теолог ақын ретінде өз шығармаларында діни түсінік, діни танымды жиі қолданған. Ақынның өлеадеріндегі дін тарихына байланысты қолданылған ұғымдарды саралай отырып, олардың тек ислам дініне ғана байланысты емес, тәңірлік, буддалық, христиандық дін тарихымен байланысты екенін байқаймыз. «Пайғамбар Мұса жолықса» деген өлеңінде ақын діндер тарихын терең білетіндігін көрсетеді. Өлеңдегі «шатақ дін», «нәпсі», «шоқыну», «иман» «күдірет киесі», «затшылдық» сөздері тарихи жад арқылы қалыптасып, ақынның түсінігіне адамгершілік танымына сай қолданылған.

Шәкәрім өлеңдерінде өз заманының түрлі құқықтық нормалары, ұлттық салт - дәстүрлер, орыс заңының элементтері, шариғаттың жекелей нормалары қатра қолданылады. Тарихи оқиғалар мен тарихи адамдар өмірін көркем шығармалар беру дәстүрі туралы Ж. Тілепов: « Тарихта болып өткен оқиғаларды, тарихи адамдардың істерін жырлау дәстүрі -Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әдебиетінде тек жыраулар мен мен суырып салма ақындар творчествосымен шектелмегені ақиқат.

XIX ғасырда дүниеге келген қазақтың жазба әдебиеті бұл дәстүрді шамасына қарай одан әрмен дамытып, оданәрі жаңғырта түсті».-дейді. Ал, Шәкәрім шығармашылығында тарихи оқиғаларды не сипатталуы сюжетті өлеңдерінде көрінеді. «Наушеруен», «Қодардың елімі», «Бояулы суыр», «Піскен мен шикі» т.б. өлеңдерінде көрінеді. Қазақ әдебиетінде сондай қайшылықты қоғамда өмір сүріп өзінің әдеби бет бейнесін, лирикалық болмыс-бітімін қалыптастырған ақын - Шәкәрім. Ақын шығармаларындағы көркем драматизм оның ішкі жан дүниесінің қоғамдағы әр түрлі қайшылықтарға деген жауабы ретінде көрінеді. Шәкәрімнің әдебиетте қалыптасқан лирикалық тұлғасы туралы айтқанда оның ең алдымен биік адамгершілікке негізделетінін айтамыз. Шәкәрім шығармаларындағы негізгі тартыс та адамгершілік пен оған қарама-қайшы ұғымдар арасында өрбиді. «Ашу мен ынсап», «Шаруа мен ысырап», «Анық пен танық», «Махаббат пен құмарлық», «Мақтау мен сөгіс», «Міндеу мен күндеу», т.б. басқа өлеңдеріндегі қарама-қарсы ұғымдар тартысы арқылы жалпы адамзаттық мәселелер көтереді. «Ашу мен ынсап» өлеңі сегіз тармақты жиырма алты шумақтан құралған. Бұл өлеңнің ерекшелігі ішкі сюжеті мен композициялық құрылымның көркем драматизмге құрылып келуінде. Алғашқы шумақтағы драмалық жағдайдың өрбуі жалпы өлеңнің композициялық желісінің оқиға басталуымен сай.

Қазақ ұғымында қалыптасқан «белді бекем буу» тіркесі лирикалық кейіпкердің шын ниетімен, бар ынтасымен ісіне кіріскенін көрсетеді. Белін бекем буынып іске кіріскен лирикалық кейіпкер өз ісін бұлдамайтынын, қайта елді түзеті үшін шыққан теріне қуанатынын байқатады. Екінші шумақ алғашқы шумақ идеясын жалғастырады. Мұнда лирикалық тұлғаның қамығып, психологиялық ішкі тартысқа түскенін кереміз. Оның жан дүниесіндегі шарасыздық бір сәтте қажығанын, шаршағанын көрсетеді. Алайда, алдына қойған мақсатынан тартынбауға бел буынған

лирикалық тұлға қайраты мен ойын мұндасуға шақырады. Лирикалық өлеңнің байланысу сәтінен ақын қайрат, ой, ашу, еріншек, т.б, дерексіз ұғымдарды жандандырып, олармен сөйлесе бастайды.

Шәкәрім өлеңдеріндегі тарихи поэтикалық сипат күрделі сезім-күйдің, терең ойдың ерекше энергетикалық жағдайда болуымен ерекшеленеді. Шумақтағы қалшылдап, жалпылдап, салпылдап, арсылдап деп көсемше формасында келген эпитеттер дерексіз ой, еріншек, ашу ұғымдарын нақылдандыра түскен. Сондай-ақ ақын қазақ жағдайын түзеуге байланысты ойларын ашына, әрі ашық айтады. М.О.Әуезов 1918-ж. «Абай» жураналының №5 санында жариялаған «Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында: «Шәкәрім көбінесе өлеңі халыққа ұғымды болуын көздейді; және өлеңі арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып, жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да ішкі мағынасымен еліктеген кісі - Шаһкәрім. Міне, кемішілкті айтқанда жерлеп, кекеп, шенеп, ондырмайтын Шәһкәрім өлеңінде шанышпа, ащылық бар»- деп Шәкәрім шығармашылығына баға береді.

Өлеңінің келесі шумақтарындағы оқиға желісі ашудың ұрсуы, сабырдың келіп ақыл айтып, барлық істі ынсапқа сынатумен аяқталады. Лирикалық тұлға ар, ұят, рахым сияқты адамгершілік қасиеттердің надандардың кеселінен «бетін топырақ жасырып» өлгендігіне налиды. Дегенмен, лирикалық тұлғаның үміті сабыр айтқан сөзден кейін жанданып:

Жақ кіргендей қозғалдым,

Тұла бойым шымырлап.

Жан жағымға көз салдым.

Сойлейін деп, қыбырлап.

- деп тіріле бастайды. Лирикалық оқиғаның соңында драмалық тартыс шиеленісіне түсіп, елдің жағдайын түзету үшін оқу оқып, білім алу керек деген қорытындыға келеді. Лирикалық тұлға ынсап айтқан байламды жүрекке құптатады. Шәкәрім өлеңдерінде қолданылатын жүрек ұғымы жаратушыға жақын болу мағынасын береді. Олай болса жүрекке құптату идеясы жаратушы иеге құптатумен пара-пар. Ақын өлеңінің соңғы шумағында қазақтан оқыған, білімді адам көп шықса, қазақ басындағы азап кетер еді деген үмітін де жасырмайды. Белгілі шәкәрімтанушы Б.Әбдіғазизұлының :«Әдетте лирикалық шығарма ақынның жүрегін кернеген сезім тамшыларынан туады. Олай болса, ондағы лирикалық қаһарман көп жағдайда ақынның өзімен теңеседі. Лирикада айтылған ой ақынның ойы ретінде қабылданады. Ақынның қуанышы да, күйініші де өлеңінің астарында жатпақ»-деген ойымен қосыла отырып, Шәкәрім лирикасындағы терең де мағыналы ойлар ақын жүрегінен шыққан шынайы лебізі демекпіз. Ақынның «Ашу мен ынсап»өлеңіндегі композициялық желінің негізі лирикалық тұлғаның адам басындағы жағымсыз қасиеттермен драмалық тартысқа түсуіне құрылады. Бұл туралы белгілі теоретик-ғалым Қ. Мәшһүр-Жүсіп былай дейді: « «Ашу мен ынсап» өлеңінде сюжеттің бес элементі де бар. Әйтсе де сол

тартыстың туу, өрбу сатылары эпостағыдай кейіпкер өмірінің тұтастай бір кезеңін қамтымайды, соның бәрі лирикалық қаһарманның бір сәттегі толғанысы аясында ғана ©тіп, түрлі сезімдер тек бір адам қабылдауы тұрғысынан беріледі. Сөйтіп белгілі бір көзқарастар қайшылығы, олардың арасындағы сайыс өршуі алынса да, әрі соның бәрі бір адам ішінде өткендіктен де, әрі сәттік толғаныс аясында өрістенгендіктен де, шартты оқиға, шағын шиеленістің бәрі шығарманы эпосқа айналдыра алмайды. Қайта сол қақтығыстар бір адамның бір мезеттегі толғаныс-заңдылығы ретінде өрілгендіктен де, лирика жанрының өмірді кең қамту мүмкіндігін пайдалануды дәлелдейді. Шығармада алдымен лирикалық қаһарманның өз өткені мен қазіргісін, қазіргісі болғанда, ең шешуші толғанысқа дейінгі кезін, тікелей байымдауы берілген. »

Шәкәрім өлеңдеріндегі лирикалық тұлға әр қырынан көрінеді. Сондай-ақ, лирикалық тұлға

бойындағы тереңдраматизм кей сәтте трагедиялыққа ұласады. Әсіресе, лирикалық тұлғаның шарасыздығы салдарынан терең философиялық толғаныстарға салынып, шешімін таппайтық тығырыққа тірелген сәттерінде поэтикалық трагизмге барады. Мәселен, «Өзіме» деген өлеңіндегі лирикалық тұлғаның ішкі күйзелісі алғашқы жолдан көрінеді. Драмалық шиеленіс басы өз-өзіне, өзінің тірлігіне риза болмаған кейіпкер сезімінмен басталған өлеңнің үшінші шумағы драмалық ситуация мәнін түсіндіре бастайды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б.Әбдіғазизұлы. «Шәкәрім элемі»-Алматы: -Рарирет, 2008-4086,
2. Қ.Мәшһүр - Жүсіп. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік -Павлодар: 2007.4426.
3. Шәкәрім шығармалары. Екі томдық- Алматы: «Жібек жолы», 2007 6256,

Рецензент: д.филол.н., профессор Байгазиев С.Б.